

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

БЕКІТЕМІН

**Басқарма төрағасы–ректор,
профессор**


М.Төлеген
**(Басқарма отырысының
2021 жылғы 13 сәуіріндегі
№8 хаттамасы)**



ЕРЕЖЕ

**ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ
ТУРАЛЫ**


ШҚУ Е 017-21

Бірінші басылым

**Көшірме № _____
Енгізу күні _____**


**Өскемен қаласы
2021 ж**

2021 ЖЫЛҒЫ 13 сәуір №67

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2024 ж.
	Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу туралы	ШҚУ Е 017-21	12 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Бергілеулер мен қысқартулар.....	3
4	Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу тәртібі.....	3
5	Өзгерістер.....	6
6	Келісу, сақтау, тарату.....	7

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2024 ж.
	Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу туралы	ШҚУ Е 017-21	12 беттің 3 беті

1 Жалпы ережелер

1.1. «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ жазғы семестрдің ұйымдастырылуы мен жүргізілуінің мақсатын, міндеттерін жүйелі түрде осы ережеге сай өтуін қадағалайды (әрі қарай – ұйымда).

1.2. Жазғы семестр қосымша академиялық кезеңді ұйымдастыру мақсатында жүргізіледі:

- академиялық қарыздарды жою және академиялық айырмашылық;
- келесі курсқа өту үшін GPA деңгейінен төмен болмауы керек;
- қосымша білім алу.

1.3 Ұйымда білім алушылардың бастамасымен жазғы семестр ұйымдастырылып жүргізіледі. Еркінен тыс жазғы семестрге қатыстырмайды.

1.4 Жазғы семестр білім алушыларға ұйымдастырылады (бітіруші түлектер қатыспайды), өз еркімен қосымша пәндерге жазылып оқиды, межелік бақылаудан 50%-дан төмен балл алған білім алушылар, оқуға қайта қабылданған академиялық айырмашылығы бар, басқа оқу-орнынан ауысқан немесе академиялық демалыстан қайта шыққан білім алушылар қатысады.

1.5 Ұйымда жазғы семестрдің өту мерзімі академиялық күнтізбемен анықталады. Жазғы семестрдің ұзақтылығы 6 аптаға созылады.

1.6 Жазғы семестрге 18 кредитке дейін қатысып оқуға болады.

1.7 Жазғы семестр ақылы түрде білім алушылардың өтініші бойынша жүргізіледі. Жазғы семестрде білім алушылар оқу басталмай тұрып пәндерге ақысын төлеген соң қатысып оқиды, егер жазғы семестрге жазылған пәндерге ақысын төлемесе қатыспайды.

2 Нормативтік сілтемелер


2.1 Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

2.1.1 Қазақстан Республикасы үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қаулысы.

2.1.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

2.1.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 11 шілдедегі № 376 ««Білім алушылардың үлгерім бақылауы, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу ережелерін бекіту туралы» бұйрығы.

2.1.4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздың №125 «Білім алушылардың аралық және қорытынды

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2024 ж.
	Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу туралы	ШҚУ Е 017-21	12 беттің 4 беті

ағымдағы үлгерім бақылауы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі өткізу типтік ережені бекіту туралы» бұйрығы .

3 Бергілеулер мен қысқартулар

УАК - Университетің академиялық кеңесі;
АСЖБББД – академиялық саясат және білім беру бағдарламаларын басқару департаменті;
СХЫ ж АБ – Стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;
СІҚЕЖЖБӨ – Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;
СІҚЕЖ - Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі;
БББ – білім беру бағдарламасы;
МЖМББС - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
ФК – факультет кеңесі;
ТО – тіркеу офисі;
ЖООКБББ - жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі.

4 Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу тәртібі


4.1 Білім алушылардың жазғы семестр аясында қосымша кредиттерді игеру мақсаты 2 ай бұрын оқу үрдісін ұйымдастыру және басқару бөлімімен (ОУҰжәнеБ), кафедра ұсынысымен курсты оқуға ұсынылған каталог әзірлейді.

4.2 Жазғы семестрге 1 ай қалғанда тіркеу офисі (ары қарай-ТО) арнайы сайттың хабарландыру Ұйымында жазғы семестрдің өту барысы мен курсты оқуға ұсынылған каталогты жариялайды.

4.3 Жазғы семестрдің мерзімі мен өткізу ережесі туралы ақпаратты білім алушыларға эдвайзер алдын ала жеткізеді. Сондай-ақ академиялық қарызы бар білім алушы, олар үшін жеке жазғы семестр ұйымдастыру қажеттігін, оның білім алуды жалғастырудағы маңызын, ерекшелігі мен ережесін және оны бұзу салдары туралы хабардар болуы қажет. Үлгемі жақсы білім алушылар білім алудың кредиттік технологиясы бойынша жазғы семестрде қосымша білім алуға мүмкіндігі бар екенін білуі қажет.

4.4 Деканаттар, тіркеу офисі және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен ұйымдастырылған жазғы семестрге пәндерге жазылу жазғы семестр басталғанға дейін білім алушының басқарма төрағасы-ректордің атына жазылған өтініш толтыру арқылы жүргізіледі. Өтінішке қосымша курстың төлем ақысының түбіртегі тіркеледі. Жазғы семестрдің төлемақысы пән бойынша кредит санына байланысты.

4.5 Білім алушылардан өтініш қабылданғаннан кейін ТО мен ЖООКБББ

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2024 ж.
	Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу туралы	ШҚУ Е 017-21	12 беттің 5 беті

бөлімдері академиялық лекті қалыптастырады және жазғы семестрге кіретін пәндер тізімін кафедраға береді.

4.6 Кафедра меңгерушілері ТО мен ЖООКБББ бөлімдеріне жазғы семестрде пәндер бойынша бекітілген оқытушылар тізімін береді.

4.7 Тіркелген өтініштер негізінде студенттерге қызмет көрсету бөлімі білім алушының аты-жөні, төлемақысы мен кредит саны көрсетілген жазғы семестрді ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады.

4.8 Жазғы семестрде оқытылатын пәндер тізімі және құрылған академиялық пәндер негізінде ТО мен ЖООКБББ мамандары сабақ кестесін жасайды.

4.9 Жазғы семестрдің оқу кестесі оқытушылардың жұмыспен қамтылуын ескере отырып жасалады және оны академиялық мәселелер жөніндегі проректор сабақ басталардан кемінде бір апта бұрын бекітеді.

4.10 Бекітілген оқу кестесі білім алушылардың назарына жеткізіледі.

4.11 Жазғы семестрде пәндерді оқу мүмкіндігіне бітіруші курстан басқа білім алушылар ие болады. Академиялық қарызы бар немесе ГРА жинамаған бітіруші курс білім алушылары оларды қайта оқу жылы ішінде жояды.

4.12 Білім алушылар жазғы семестр шеңберінде белгіленген оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, оқу жоспары бойынша бақылаудың барлық түрлерін тапсырады.

4.13 Жазғы семестрде сабақ беретін оқытушы пәннің жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес оқу қызметін ұйымдастырады, сәйкесінше ол осы жұмыс оқу бағдарламасында көзделген оқу сабақтарының барлық түрлерін өткізуге міндетті.

4.14 Жазғы семестрде оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлері қолданылады: үлгерімді ағымдық, межелік бақылау, ауызша, жазбаша емтихан немесе тестілеу түрлеріндегі аралық аттестаттау. Жазғы семестрде білім алушылардың оқу жетістіктері білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

4.15 Жазғы семестр кезінде сабақтарды межелік бақылау ведомосы көзделмеген.

4.16 Емтихандық бақылау жеке пәндер сабақтарының кестесі бойынша жүзеге асырылады.


4.17 Емтихан нәтижелері білім алушыға емтихан күні хабарлануы тиіс.

4.18 Жазғы семестр кезінде оқытылатын пәндер бойынша білімді қорытынды бағалауды пәнге бекітілген оқытушы жүзеге асырады.

4.19 Емтихан нәтижелері емтихан ведомосына және транскриптке жазылады.

4.20 Жазғы семестрде басқа университеттен келіп қоғамда қосымша білім алушыларға транскрипт беріледі.

4.21 Академиялық берешегі немесе қайта қабылдау кезіндегі айырмашылық, басқа университеттен ауысу немесе академиялық демалыстан

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2024 ж.
	Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу туралы	ШҚУ Е 017-21	12 беттің 6 беті

шыққан кезде пәндер бойынша емтихандардың нәтижелері ағымдағы оқу жылының GPA-сын құрайды.

5 Өзгерістер

5.1 Е-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылық өкілінің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгерту қол қойылған құжатпен ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген формаға сәйкес ресімделеді және осы Е орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған қолданыстағы даналарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Е ШҚУ 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Сақтауға берілген Е-ге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды әзірлеуші бөлімше ғана жүргізеді.

Е-ге өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып ҚББ енгізеді;

5.2 Түпнұсқа мен қолданыстағы даналарға өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін СХЫ ж АБ мен ҚББ жауапты болады;

5.3 Е тексеру кезеңділігін есепке алу парағындағы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып, үш жылда бір реттен сиретпей қайта қаралады;

5.4 Е-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады:
- нормативтік құқықтық актілерге заң күші бар жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

- басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;

- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта қарастыру;

- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі бойынша басшылық өкілінің рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген ҚББ қызметтік жазбасы;


5.5 Лауазым немесе Е бөлімшесі атаулары өзгерген жағдайда ауыстырылуы тиіс;

5.6 Ауыстырылған жағдайда университетте күші жойылған Е-нің барлық даналары алынып, жаңасына ауыстырылуы тиіс;

5.7 Ескірген Е ауыстыру және жою үшін ҚББ және СХЫ ж АБ жауапты болады;

5.8 Күші жойылған Е күшін жою негіздемесін, күнін, "күшін жойды" деген жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып "күші жойылды" деген жазумен белгіленеді және мұрағатқа өткізіледі. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.

6 Келісу, сақтау, тарату

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2024 ж.
	Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу туралы	ШҚУ Е 017-21	12 беттің 7 беті

6.1 Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Ережені келісуді ҚББ жүзеге асырады

6.2 Ережені ҚББ әзірлейді.

Ереже келесілермен келісіледі:

- СИҚЕЖЖБӨ;
- Академиялық мәселелер жөніндегі проректорымен;
- АСЖББББД директорымен;
- СХЫ ж АБ бастығымен;
- ЖООКБББ бастығымен;
- Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығымен;
- ЖООКБББ бастығымен;
- заңгер-кеңесшімен.

6.3 Ережені басқарма төрағасы-ректор бекітеді және жойылғанға дейін қолданылады.

6.4 Ереженің түпнұсқасы құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінде сақталады, оның сақталуына құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы жауапты болады.

6.5 Ереженің түпнұсқасымен танысу парағына қол қойғызып, Құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлерін Ереженің мазмұнымен жеке таныстыру үшін ҚББ жауапты, сондай-ақ университетке жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде осы Ереженің мазмұнымен міндетті түрде танысқандығы туралы хабардар етуге персонал және құқықтық қолдау басқармасының бастығы жауапты болады.

6.6 Ереженің қолданыстағы жұмыс даналарын таратуды құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі жүзеге асырады.

6.7 ҚБЕ-ның қолданыстағы жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін жауапкершілік ҚББ -ға жүктеледі.

ӘЗІРЛЕГЕН:

Тіркеу офисінің бастығы



М.О. Мустафина

КЕЛІСІЛГЕН:

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м.а.




Д. Ерболатұлы

Академиялық саясат және білім беру бағдарламаларын басқару департаментінің директоры



А.К. Алипова

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2024 ж.
	Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу туралы	ШҚУ Е 017-21	12 беттің 8 беті

Стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі бастығының м.а.



Д.Р. Сапарова

Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы



А.К. Чудобаева

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің бастығы




Т.А. Абылайханова

Заңгер-кеңесші



Д.М. Раева

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2024 ж.
	Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу туралы	ШҚУ Е 017-21	12 беттің 9 беті

ТАНЫСУ БЕТІ

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Күні	Қолы
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				
13				
14				
15				
16				
17				
18				
19				
20				
21				
22				
23				
24				
25				
26				
27				
28				
29				
30				
31				
32				
33				
34				
35				
36				
37				